



САҒЫНДЫҚ АСАНҰЛЫ

Үстіміздегі жылдың желтоқсан айының 10-ы күні 78 жасқа қараған шағында С.Сейфуллин кентінің тұрғыны, білікті басшы, қадірменді ақсақал Сағындық Асанұлы дүниеден озды.

Сағындық Асанұлы 1945 жылы 28 ақпанда Жарық кентінде туған. 1959-1962 жылдары Дәрия орта мектебін бітірген соң, 1963 жылы Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, оны 1968 жылы аяқтайды.

Еңбек жолын Целиноград қаласында “Целиноградсельмаш” зауытында инженер-конструктор болып бастаған Сағындық Асанұлы еңбек ете жүріп Целиноград құрылыс институтын кешкі бөлімінде оқуын жалғастырып, “Жол құрылыс және жөндеу машиналары” мамандығы бойынша аяқтап шығады. Сол жылы “Қарағандажильстрой” тресінің Құрылыс комбинатына цех бастығы болып қызметке орналасады.

1976 жылы Жарық кентінде жаңадан ашылған ПМК мекемесінде аға механик, 1980-1983 жылдары Жезқазған қаласындағы Құрылыс механизация басқармасының басшысы, 1983 жылы денсаулығына байланысты Жарық кентіне ауысып, ПМК-да аға механик болып еңбек етті.

1988 жылы Шет ауданының партия комитетінің шешімімен ДЭУ-9 мекемесіне басшы болып тағайындалады, 1997 жылы “Бірлік” жеке меншік жол мекемесін құрып, зейнеткерлікке шыққанша басқарады.

Әр жылдарғы жемісті еңбегі Үкімет тарапынан лайықты бағаланып, мақтау қағаздар, бағалы сыйлықтармен, “Отличник рационализация” белгісімен, “Қазақстанның 10 жылдық медалімен марапатталған.

Алты бала тәрбиелеп өсірген, олардан он төрт немере, бес шөбере көрген ардақты әке, аяулы ата Сағындық Асанұлының отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Оның жарқын бейнесі, ел игілігі үшін атқарған еңбектері әрдайым ел есінде мәңгі сақталып қала бермек.

М.МҰХТАРОВ, С.СОЦИАЛ, Д.КӘРСЕМБАЕВ, М.ЖҰМКИН, Р.РЫСҚАЛИҰЛЫ, О.СТЫБАЕВ, М.ЖОНКИНА, А.БАЛҒАБЕК, Б.ЛИЯСОВ.



БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массажды және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады. Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы: Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73. Телефон: 8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192 (Шолпан)

Жұмыс тәртібі: жұмыс күндері кешкі сағат 18.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі, жексенбі күндері таңертеңгі сағат 10.00-ден кешкі сағат 22.00-ге дейін.

30.06.2022 жылы қайтыс болған Адиханов Құдайбергеннің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен-жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй. тел. 87017511686.

16. 08. 2021 жылы қайтыс болған Казангапов Олжатайдың атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен-жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменов көшесі, 17 үй. тел. 87017511686.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Северный Катпар» ЖШС 2023 жылғы 07 ақпанда сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы Шет ауылдық округі, Үнірек ауылы, Үнірек көшесі 24 А, мекен-жайы бойынша әкімдік ғимаратында «Қарағанды облысының Солтүстік Катпар кен орнында тау-кен байыту комбинаты құрылысы инвестицияларының техникалық-экономикалық негіздемесіне» ықтимал әсерлері туралы есеп бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Ықтимал әсерлер туралы есептің жобасымен <https://ecportal.kz/> сайтында танысуға болады және «Қарағанды облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/>

karaganda-tabigat?lang=ru сайтында.

Жоспарланған қызметтің бас-тамашысы - «Солтүстік Катпар» ЖШС, БСН 040940001700, Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды облысы, Қарағанды к., Қазыбек Би ауданы, Бұқар Жырау даңғылы, 49/6 ғимарат, 817 кенсе, тел.: 8-(7212)-99-64-33, e-mail: info-office@skatpar.kz.

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеуші «Казгипроцветмет» ЖШС алуға болады, тел.: 8-(7232)-20-82-41, e-mail: vdorofeev@kgcm.kz.

Ықтимал әсерлер туралы есептің жобасына ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша немесе электрондық нысанда «Қарағанды облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы, 100008,

Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20 мекен-жайына және e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru электронды поштасына жіберуге болады.

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/89176302927?pwd=aTR5alpBRnJUN0R5Y3BFTERFNHhqZz09>. Конференция идентификаторы: 8917630 2927. Кіру коды: d9Tf5n.

Қоғамдық тыңдауларға қатысуға тіркелу үшін өзіңізбен бірге жеке куәлігіңізді ұмытпаңыз.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Северный Катпар» сообщает о проведении общественных слушаний методом открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях к «Технико-экономическому обоснованию инвестиций строительства горно-обогатительного комбината на месторождении Северный Катпар в Карагининской области», которые состоятся 07 февраля 2023 года в 11.00 часов по адресу: Карагининская область, Шетский район, Шетский с.о., с.Унрек, ул. Унрек 24 а, здание Акимата.

С проектом отчета о возможных воздействиях можно ознакомиться на сайте <https://ecportal.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Карагининской области» <https://www.gov.kz/>

memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Инициатор намечаемой деятельности - ТОО «Северный Катпар», БИН 040940001700, Республика Казахстан, 100008, Карагининская область, г. Караганда, район им.Казыбек Би, пр. Бухар Жырау, строение 49/6, офис 817, тел.: 8-(7212)-99-64-33, e-mail: info-office@skatpar.kz.

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта - ТОО «Казгипроцветмет», тел.: 8-(7232)-20-82-41, e-mail: v.dorofeev@kgcm.kz.

Замечания и предложения к проекту отчета о возможных воздействиях в письменной или электронной форме можно направлять в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Карагининской области» по

адресу: Республика Казахстан, 100008, Карагининская область, г. Караганда, ул.Лободы, 20 и на e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru.

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/89176302927?pwd=aTR5alpBRnJUN0R5Y3BFTERFNHhqZz09> Идентификатор конференции: 891 7630 2927. Код доступа: d9Tf5n.

Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.

СМАҒҰЛОВ ҚАБЖАН

Смағұлов Қабжан желтоқсан айының 18 күні 83 жасында дүниеден озды.

Қ.Смағұлов 1939 жылы Қоңырат ауданы (қазіргі Ақтоғай ауданы), Калинин колхозында дүниеге келген.

1958 жылы Ақсу-Аюлыдағы қазақ орта мектебін аяқтаған соң, сол жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, 1963 жылы “Физика және жалпы техникалық пәндер” мамандығы бойынша бітірген.


Еңбек жолын 1963-1969 жылдары Шет ауданының Б.Алтынсарин, М.Горький атындағы орта мектептерінде мұғалім болып бастап, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет еткен. 1969-1970 жылдар аралығында Шет аудандық партия комитетінде нұс-қаушы, 1971-1981 жылдары М.Горький атындағы орта мектепте, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде директор, 1981-1997 жылдары Шет ауданы, Комсомол селолық Советі атқару комитетінің төрағасы, әкімі қызметтерін атқарған.

Қ.Смағұлов “Еңбек ардагері”, “Тың игеруге 50 жыл” мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Қабжан Смағұлов өмірлік жары Серікова Кларамен бірге бақытты ғұмыр кешіп, 5 бала тәрбиелеп өсіріп, олардан немере сүйген ауылы ата болды. Бүгінде балалары әр салада жемісті еңбек етуде. Ағайын-туыс, ел-жұртына сыйлы, айналасына абыройлы ғұмыр кешкен Қабжан Смағұловтың отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Оның асыл бейнесі мен адамгершілік жарқын істері жүрегімізде мәңгі сақталады.

М.МҰХТАРОВ, С.СОЦИАЛ, Д.КӘРСЕМБАЕВ, М.ЖҰМКИН, Р.РЫСҚАЛИҰЛЫ, О.СТЫБАЕВ, М.ЖОНКИНА, Б.ЛИЯСОВ.



Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, асыл жар, ардақты әке, сүйікті ата, кимас бауыр **Талғат БАЛҚАШБАЙҰЛЫНЫҢ** фәниден бақтиға озғанына 40 күн толып отыр. Жатқан жері жарық, топырағы мамық болсын деп еске алып, рухына дұға бағыштаймыз.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына. Көзімізге ып-ыстық жас келеді, Әке өзінді сағынып еске алғанда.

Еске алушылар: **жұбайы, балалары, немерелері, бауырлары және Балқашбай әулеті.**

Әкеміздің 40 күндік асы 2022 жылы 30-шы желтоқсанда Ақсу-Аюлы ауылындағы “Мерей” дәмханасында сағат 13.00-де беріледі.

Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, жора-жолдас, еңбек ұжымдарын, ауылдастарды шақырамыз.



Салық төлеушілер назарына!

«ТАУАРЛАРҒА ІЛЕСПЕ ЖҮК ҚҰЖАТТАРЫ»

Тауарларға ілеспе жүк құжаттырын ресімдеу пилоттық жобасы 2020 жылдан бастап іске қосылды.

Тауарларға ілеспе жүк құжаттарды енгізу (ТІЖ) түпкілікті тұтынуды немесе экспортты қоса алғанда, импорттан/өндірістен бастап барлық өткізу тізбегі бойынша тауар айналымын автоматты бақылауды қамтамасыз ету мақсатында іске асыруды қадағалап отыру жүйесі.

Бұдан басқа, ТІЖ және ЭШФ ресімдеуді PLAY MARKET-те қолжетімді ЭШФ АЖ тегін мобильді қосымшасының көмегімен жүзеге асыруға болады.

Пилоттық жоба тауарларға ілеспе жүк құжаттарын міндетті енгізілгенге дейін жүзеге асырылады. Пилотты жүргізу кезінде әкімшілік жауапкершілік шаралар қолданылмайды.

ТІЖ бойынша пилоттық жоба 2023 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартылды.

ТІЖ - бұл Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «Электронды шот-фактуралар» (ЭШФ АЖ) ақпараттық жүйесінде электронды нысанда ресімделетін тауарларға ілеспе құжат.

ТІЖ ресімдеу үшін Халыққа қызмет көрсету орталықтарында алуға болатын, ЭЦҚ көмегімен Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы келісімге қол қою

арқылы ЭСФ АЖ-да тіркелу қажет. ЭШФ АЖ-да тіркелу және жұмыс ақысыз жүзеге асырылады.

ТІЖ акцизделетін тауарларды өткізу және сату кезінде, Дүниежүзілік сауда ұйымының алып қою тізбесінен тауарларды (тауарлардың аталған тізбесімен Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы №59 шешімінде танысуға болады) және оларға электронды шот-фактуралар виртуалды қойма модулі арқылы жазып берілетін тауарларды (тауарлардың аталған тізбесімен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі №384 бұйрығынан танысуға болады) сату кезінде ресімдеуге жатады. Сондай-ақ, ТІЖ экспорттық-импорттық операциялар кезінде ресімдеуге жатады.

Пилоттық жоба салық төлеушілердің ТІЖ-мен жұмыс істеуге бейімделуі, өздерінің есеп жүйесін және жеткізушілермен және сатып алушылармен өзара іс-қимылды жолға қою үшін арналған. ҚР Салық кодексінің 176-бабына сәйкес салық органдары Тауарларға ілеспе жүк құжаттарды ресімдеу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.